


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
**«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ**



**РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»**
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан

Бекітілді
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
**«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ**
**академиялық мәселелер жөніндегі
проректоры**



Г. Әбдірахман
2025 жыл

Оқу-әдістемелік кеңесіне ұсынылған баяндама
(02 сәуір 2025 жыл, № 05 хаттама)

Баяндамашы
Машимбаева А.Ж.,
Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті
білім беру бөлімінің басшысы

2024-2025 оқу жылының I семестрінде сабақ берген оқытушы-профессорлық
құрамды бағалау бойынша

«Оқытушылар студенттер көзімен» атты сауалнама

ЕСЕБІ

Өту уақыты: 2024 жылғы 30 желтоқсан мен 2025 жылғы 15 ақпан аралығы

Жалпы студент саны – 1075

Сауалнамаға қатысушылар саны – 636 (59 %)

Бағаланған профессорлық оқытушылық құрамның жалпы саны – 319

Сұрақ саны - 10

Сауалнаманы жүргізген: Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім
беру бөлімі

Білім беру сапасын арттыру талаптары мен халықаралық аккредиттеу агенттіктерінің стандарттарына сәйкес, жоғары оқу орындары ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру мақсатында өз қызметіне ішкі талдау мен мониторингті жүйелі түрде жүргізіп отыруы қажет. Ішкі талдаудың негізгі құралдарының бірі – студенттер, оқытушылар құрамы, қызметкерлер және басқа да мүдделі тараптар арасында сауалнама жүргізу болып табылады.

Сауалнама туралы жалпы ақпарат

Сауалнаманың атауы: «Оқытушы студенттің көзімен»
Өткізу мерзімі: 2024 жылғы 30 желтоқсан – 2025 жылғы 15 ақпан
Өткізген бөлім: Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімі
Мақсаты: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы оқытушыларының оқыту сапасын бағалау
Ақпаратты жинау әдісі: PLATONUS жүйесі арқылы сауалнама әдісі (статистикалық), Google диск арқылы (мәтіндік сауалнама)

1. PLATONUS жүйесі арқылы статистикалық сауалнама бойынша:

Қатысушылар саны

Жалпы студент саны: 1075

Жауап берген студенттер: 636 (59%)

Курс бойынша бөлініс:

Курс	Жалпы саны	Жауап бергендер	%
1 курс	274	174	64%
2 курс	276	167	61%
3 курс	273	183	67%
4 курс	256	112	44%

Бағаланған оқытушылар саны: 319

Факультет бойынша қатысу

Факультет	Жалпы саны	Жауап бергендер	%
Аспаптық орындаушылық	297	224	75%
Вокал және дирижерлеу	258	183	71%
Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер	118	76	64%
Халық музыкасы	402	153	38%

Сауалнама құрылымы

- **Формат:** Лайкерт шкаласы
- **Сауалнама тілі:** Қазақ, орыс, ағылшын
- **Сұрақ саны:** 10
- **Бағалау:** 1-ден 10-ға дейінгі шкала
- **Талдау түрі:** Сандық

Бағалау шкаласы

1-сұрақ үшін:

- 10 ұпай – Сабақтан қалмаған
- 9 ұпай – 2–3 рет жіберген
- 7 ұпай – 3–6 рет
- 4 ұпай – 7 және одан көп

2–10 сұрақтар үшін:

- 9–10 ұпай – Өте жақсы
- 7–8 ұпай – Жақсы
- 4–6 ұпай – Нашар
- 1–3 ұпай – Өте нашар

Сұрақтарға жауап үлгілері (үзінді)

Мысал ретінде бірнеше сұрақ нәтижелері мен баллдары келтіріледі. Толық кестені сұраныс бойынша бөлек файлда ұсынамын.

Анонимді мәтіндік жауаптар (Google Form)

Мәтіндік жауаптардан төмендегідей негізгі мәселелер айқындалды:

Позитивті пікірлер:

- Мұғалімдердің білімділігі, мейірімді қарым-қатынасы, түсіндіру стилі жоғары бағаланған.
- Сабақ мазмұны көбіне түсінікті және құрылымы логикалық.
- Силлабус көмегімен пән құрылымы түсінікті.

Негативті пікірлер:

- Кейбір мұғалімдер сабақта жеке істермен айналысады (телефон, т.б.).
 - Бағалау критерийлері жиі түсініксіз.
 - Силлабус барлық пәнде жоқ немесе толық емес.
 - Кейбір пәндердің (антикор, экономика, дінтану) мамандыққа қатысы жоқ деп бағаланған.
 - Тілдік кедергілер мен кей мұғалімдердің жеткілікті тіл байлығының болмауы сабақ түсінуге кедергі келтіреді.
-

Қорытынды


Сауалнама нәтижелері:

- Студенттер оқытушылардың кәсіби дайындығына, қарым-қатынас этикасына және оқыту әдістемесіне жалпы оң баға берген.
- Алайда, **бағалау әділдігі, силлабуспен таныстықтың төмендігі, мамандыққа қатысы жоқ пәндердің көптігі** – негізгі сындар ретінде анықталды.
- Студенттер сапалы білім беру үшін пән мазмұнының кәсіби бағдарға сай болуы және практикалық бағыттағы сабақтар санының артуы қажет екенін алға тартады.

Сауалнама сұрақтары бойынша

Оқытушылардың пәнге қатысуын ұпаймен бағалаңыз:


01



- 1) 10 балл – 221 студент
- 2) 9 балл – 92 студент
- 3) 8 балл – 6 студент

Мұғалім сабаққа жауапкершілікпен қарайды және әрдайым сабаққа дайындалып келеді:

02




- 1) 10 балл – 275 студент
- 2) 9 балл – 39 студент
- 3) 8 балл – 5 студент



Мұғалім сабақтың мазмұнын анық және қол жетімді түрде түсіндіреді:


03



- 1) 10 балл – 256 студент
- 2) 9 балл – 60 студент
- 3) 8 балл – 3 студент

Мұғалімнің сөйлеген сөздері мәнерлі, түсінуге қол жетімді, қажетті жазбалар жасауға мүмкіндік береді

04




- 1) 10 балл – 261 студент
- 2) 9 балл – 55 студент
- 8 балл – 3 студент



Оқытушы студенттің қабілеттері мен ерекшеліктерін ескереді; белсенді, креативті болуға, тапсырмаларды орындау кезінде өз пікірін білдіруге мүмкіндік береді, студенттерге деген қарым-қатынасы мейірімді:


05



- 1) 10 балл – 246 студент
- 2) 9 балл – 68 студент
- 8 балл – 5 студент

Студенттің білімін бағалау кезінде мұғалімнің критерийлері ашық және түсінікті:


06




- 1) 10 балл – 248 студент
- 2) 9 балл – 67 студент
- 3) 8 балл – 4 студент




07 Пәнді оқу барысында алынған білім мен дағдылар одан әрі кәсіби қызмет үшін маңызды болып табылады




08 Пән бойынша емтихан сұрақтары аудиториялық сабақтардың мазмұнымен және өзіндік жұмыс тақырыптарымен сәйкес келеді:



09 Сабақ барысында мұғалім көбінесе жеке істерге және телефонмен сөйлесуге алаңдайды, оқу материалына қатысты емес тақырыптар бойынша әңгімелер жүргізеді:



10 Оқытушы құрастырған Силлабус сабақ тақырыбына сәйкес келеді және пәнді игеруге көмекші құрал болып табылады:



**2. Google диск арқылы жүргізілген «Оқытушылар студенттер көзімен»
атты мәтіндік сауалнама нәтижесі**

КАФЕДРА АТАУЫ	ЖАУАП БЕРГЕН СТУДЕНТ саны – 122 (әр түрлі сұрақтар бойынша)	
	<i>Оң пікір білдіргендер</i>	<i>Теріс пікір білдіргендер</i>
Барлық кафедра	1. Менің ойымша жақсы, өзіме ұнайды. 2. Жақсы катысады, барлық сабақтар отиледи. 3. Жақсы ешқашан сабақты жібермейді. 4. Жақсы ешкім қалмайды, жақсы сабақ өткізеді. 5. негізінде мұғалімдер бар белсенділікпен білім береді, бірақ менің ойымша, спецке байланысты және маңыздырақ пәндерге қарасақ, әлеуметтік гуманитарлық сабақтардан көбірек талап қояды деп ойлаймын. 6. Жақсы менің тарапымнан және оқытушының тарапынан кейкілжіндер болмады. 7. 50/50, но в целом неплохо. 8. Жақсы барлығы келеді уақытылы. 9. Иа барлық сабақтардан лекция жүргізіледі. 10. Ия, анық түсіндіреді. 11. Әр мұғалім әр түрлі. 12. Күшті түсіндіреді. 13. Ия. Өте жақсы түсіндіреді. 14. ия, кейде оп-оңай болады. 15. Менің спецтен беретін мұғалімім өте күшті түсіндіреді. 16. Көбінесе бізді дұрыс жолға салады. 17. Майын тамызып түсіндіреді. 18. Барлығы емес, бірақ көбісі түсінікті. Түсінбегендерімізді қайтадан сұрап аламыз. 19. Мәнерлі, түсінуге қол жетімді	1. Кейде жеке жұмыстары үшін катыспайтын оқытушыларда бар. 2. Кейде жиналыстарға кетіп орынына адам қалдырмайды сабақ отетин не ескертилмейды сабақ болмайтыны туралы. 3. Муағлимдер 2 тилди де жетик менгерсе жақсыболар еди не казакша не орысша билмейды. 4. Әрине түсіндірет әдемі түсіндірет. 5. кітаптан интренеттен оқымай өзі де түснп вйтса деймін сонда бізгеде түсінікті болар еді. 6. кей мұғалімдердің сабақ түсіндіруін түсінбей қаламын. 7. Иә, бірақ кейбіреуіне лекция жүргізгенде тіл байлық жетіспейді, сондықтан түсініксіз болады. 8. Бәрі бірдей емес. 9. Апайымыздың подачасы ұнамады. 10. Иә, бірақ кейбіреуіне лекция жүргізгенде тіл байлық жетіспейді, сондықтан түсініксіз болады. 11. Көбінесе ия, кей жерлерде терминдер қолданбаса.

	20. Дауыс тембрлары топ, Әсіресе Матжанова Қарлығаш апай, Айдос Тоқтағұл. 21. Тема дикция поставленная 22. Бірең сараң түсінікті 23. Ия тусиникти 24. Өте түсінікті 25. Кейде ия кейде жоқ 26. Әркімде әрқалай, бірақ көбінесе иә 27. Әрине 28. Жақсы 29. Барлығы емес 30. Иә өте маңызды 31. Қандай пән соған байланысты. 32. Я маңызды. 33. Өте маңызды 34. кей пәндер маңызды, бірақ кейбіреулердің керектігін мүлде көрмеймін 35. Спец сабақтар маңызды 36. 10/10 37. Барлық пән емес, музыкалық пәндер әрине кәсіби қызмет үшін маңызды 38. Емтиханға әлі ерте, оны емтиханға дайындық кезінде айта аламын. 39. Иа Ефрат ағай топчик 40. Өте сирек, көбінесе сабақты өткізіп біткеннен кейін өз істерімен айналысады 41. Жоқ барлық мұғалім бірдей алаңдамайды... 42. Кейбір сәттерде ғана 43. Жоқ, тек сабаққа баспен кіріп күшті сабақ өтеді 44. Жоқ. Алаңдамайды. 45. Алаңдамауға тырысады 46. Жоқ, маңызды сәттерде ғана 47. Бывает но это нормолно оларда да маселер туындайды	12. Жоқ барлығы бірдей түсінікті емес. Кейбір мұғалімдер бағаны түсініксіз қояды. 13. Кейде бағалаған кезде критериелер түсінікті емес 14. Кейбәр кезде түсініксіз 15. жоқ көп жағдайда түсініксіз білімді емес кім жақсы сөйлейдн жақсы обращение жасайды сөйлесіп соларды жақсы бағалап ал білім жағын ескермейды 16. жоқ, кейбіреулерді түсінбейміз 17. Түніксіз болған жағдайлар бар неге төмен қойғанын түсінбей қалатын кездер 18. кейде жоқ, өзінің жақсы көретін балаларына жоғары балл қояды көп ұстаздар 19. Кейде мұғалім нақты не қалайтынын және оған қалай жету керектігін түсініксіз 20. Кейде түсініксіз Біреулері түсініксіз 21. Кейбір пәндер мамандығымызға келмейді және дәл сол сабақтар көп тапсырма береді. 22. Ия, өте маңызды деп ойлаймын, оқушыларға түсінікті болу үшін көбірек практикалық түрде көрсетіліп түсіндірілсе жақсы болатын еді,
--	--	---

		тақырыпты жақсы қабылдайтын едік 23. Бүкіл пән маңызды емес. Мәні жоқ сабақтап жетіп жатыр 24. аса маңызды емес дымға пайдасы жоқ сабақтар коп 25. Барлық сабақтар емес, кейбір сабақтарды алыпстау керек деп ойлаймын, әлде берілген тапсырмаларды азайту 26. Кейбір пәндер бос уақытты алады деп есептеймін 27. Кейде келмейді, бір екі пән сондай болған 28. кейде сабақтарымыз апайдың өмірбаяны болып кетеді 29. жоқ арасында сабақтарымыз психология сабагана айналып кетет ар ким оз ангимелерин айтыа 30. Кейбір кезде жоқ, мүлдем өтпеген тақырыптар шыға келеді 31. иә, бірақ сұрақтар көбінесе түсініксіз құралған болады 32. Силлабусты пайдалана бермейміз 33. Жок кейбыр устаздарда даже силлабус жок болсада тугел емес 34. ия мысалы телефон											
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Баға деңгейі</th><th>Студенттер саны</th><th>Үлесі (%)</th></tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Өте жақсы</td><td>10</td><td>25%</td></tr> <tr> <td>Жақсы</td><td>20</td><td>50%</td></tr> <tr> <td>Орташа</td><td>8</td><td>20%</td></tr> </tbody> </table>		Баға деңгейі	Студенттер саны	Үлесі (%)	Өте жақсы	10	25%	Жақсы	20	50%	Орташа	8
Баға деңгейі	Студенттер саны	Үлесі (%)											
Өте жақсы	10	25%											
Жақсы	20	50%											
Орташа	8	20%											

	<table><tr><td>Нашар</td><td>1</td><td>2,5%</td></tr><tr><td>Барлығы</td><td>39</td><td>100%</td></tr></table>		Нашар	1	2,5%	Барлығы	39	100%								
	Нашар	1	2,5%													
	Барлығы	39	100%													
	Оқытушылардың пәнге қатысуын қалай бағалайсыз?															
	Оқытушының Силлабусы пәнді игеруге көмекші құрал болып табылады ма?															
	<table><tr><th>Жауап категориясы</th><th>Жиілік</th></tr><tr><td>Басқа</td><td>22</td></tr><tr><td>Иә</td><td>16</td></tr><tr><td>Білмеймін</td><td>8</td></tr><tr><td>Жоқ</td><td>5</td></tr><tr><td>Түсінбедім</td><td>5</td></tr><tr><td>Кейде/Мүмкін</td><td>4</td></tr></table>		Жауап категориясы	Жиілік	Басқа	22	Иә	16	Білмеймін	8	Жоқ	5	Түсінбедім	5	Кейде/Мүмкін	4
	Жауап категориясы	Жиілік														
	Басқа	22														
Иә	16															
Білмеймін	8															
Жоқ	5															
Түсінбедім	5															
Кейде/Мүмкін	4															
«Домбыра» кафедрасы	Иә. Ол жағынан ең мықты мұғаліміміз Баян апай.	1. Оқытушылар сабақтарында бар, домбыра кафедрасының студенті боп студенттерге көңілім толмайды.														
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы		1. Көбнесе Гуманитарлық пәнің ұстаздары жауапсыздау әрі сабақ өту деңгейлері төмен. 2. Иә. Өткен жылдағы экономика сабақтары көңілімнен шықпады. 3. Тарих ағайдікі бір түрлі 4. Антикор эконм тағыда баска динтану дегендер тым артык и мугалимдери тапсырманы уйып тогип берип спец сабактарга жагалсып журеди 5. Өз мамандығымның сабағы маңызды. Бірақ дінтану саясаттану деген сияқты пәндер маған дымға керек жоқ. Мен дінді, саясатты өз														

		қалауымша біліп ала аламын. 6. Антикор, бизнес экономика деген сабақтар дымға керек емес
«Қобыз және баян» кафедрасы		1. Әр мұғалімде әр түрлі Қарсақбаева апай мысалы кейде түсінікті кейде мүлдем түсініксіз.
«Ішекті аспаптар» кафедрасы «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасы		1. Жоқ көбнесе мұғалімдер сенің потенциалды бағаламайды. бір қате үшін сенің барлық қызығушылық мотивациянды сондирип тастайды. сол үшін басқа аспапқа ауысуға мәжбүр болдым тіпті оқудан шығу туарлы ойлар болды.
«Көне музыкалық аспаптар» кафедрасы		1. Көне муз аспаптар кафедрасына бөлек бағдарлама жасалу керек деп ойлаймын. Фольклорлық аспаптарда орындаушы студенттер домбыраға қатысты сабақтарда қиналып тапсырма орындауға мәжбүр. Ұстаздардың да бұнда еш кінәлары жоқ.

Ескерту. Мәтіндік сауалнама жауаптары білім алушылардың тікелей мәтіндерінен алып орналастырылды. Білім алушылардың түпнұсқа жауабын сақтау мақсатында жіберілген орфографиялық, стильдік қателерге түзету енгізілген жоқ.

**Оқу-әдістемелік жұмыс және
инклюзивті білім беру
бөлімінің басшысы**



А. Машимбаева